

Қазталов ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 1 сәуірдегі № 91 "Батыс Қазақстан облысы Қазталов ауданы Қазталов және Болашақ ауылдық округтерінің аумағында шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Қазталов ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 25 маусымдағы № 225 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 шілдеде № 3596 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қазталов ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 4 қаңтардағы № 1 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қазталов ауданы әкімдігінің 04.01.2018 № 1 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" және 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазталов ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 1 сәуірдегі № 91 "Батыс Қазақстан облысы Қазталов ауданы Қазталов және Болашақ ауылдық округтерінің аумағында шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3263 тіркелген, 2013 жылғы 17 мамырдағы "Ауыл айнасы" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Батыс Қазақстан облысы Қазталов ауданы Қазталов және Болашақ ауылдық округтерінің аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Батыс Қазақстан облысы Қазталов ауданы Қазталов және Болашақ ауылдық округтері аумағында ұсақ малдар арасында бруцеллез ауруы пайда болуына байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.";

2-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н. Құтхожинге жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің
міндетін атқарушы*

Б. Хайруллин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК